

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН БАСҚАРУШЫЛЫҚ
ҚАТЕЛІКТЕРДІҢ АРАЖІГІН АЖЫРАТУ**

2-ші басылым
қайта өңделген және толықтырылған

Қосшы 2021

ӘОЖ 343.2/7
КБЖ 67.408
М 54

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Проректоры-Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының директоры - **Г.Қ. Шушикованың** жалпы редакциясымен.

Рецензенттер:

Хан В.В. - Құқық қорғау органдары академиясының Арнайы заң пәндері кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;

Балғынтаев Ә.О. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультеті деканының орынбасары, философия докторы (PhD).

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқарушылық қателіктердің аражігін ажырату бойынша әдістемелік ұсынымдар. 2-басылым (қайта өңделген және толықтырылған) / Ә.С. Шәкәрімов, Б.Ж. Сағымбеков, Қ.Ж. Баетов, Т.М. Мұқатаев, Т.Ғ. Маханов, Н.С. Әлімқұлов; Г.Қ. Шушикованың жалпы ред. – Қосшы: Құқық қорғау органдары академиясы, 2021. - 31 б.

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Президентінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқарушылық қателіктердің аражігін нақты ажыратуға және негізсіз жауаптылыққа тартуды болдырмауға мүмкіндік беретін әдістеме әзірлеу туралы тапсырмасы шеңберінде әзірленді («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы одан әрі іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 19 тамыздағы Кеңес хаттамасының 13.2-тармағы).

Құқық қорғау және арнайы органдардың қызметкерлеріне, прокурорларға, судьяларға, мемлекеттік қызмет саласындағы басшыларға, оқытушыларға, ғалымдар мен заңгерлерге арналған.

ISBN 978-601-7969-64-6

Байланыс ақпарат:

Ақмола облысы, Қосшы қаласы,

Республика көшесі, 16.

Тел.: +7(71651) 68-002, 68-169, 68-170

E-mail: apo-kanc@prokuror.kz



www.academy-gp.kz

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. Басқарушылық қателік белгілері.....	5
2. Сыбайлас жемқорлық ұғымы және оны жасағаны үшін жауаптылық.....	7
3. Сыбайлас жемқорлық қылмыс субъектісін және оның өкілеттіктерін айқындау.....	10
4. Қылмыс құрамы белгілерінің ерекшеліктері	14
5. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың кейбір құрамдары мен басқарушылық қателіктің аражігін ажырату.....	17
6. Хабарламалар мен өтініштерді СДТБТ-ға тіркеу.....	26
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	30

КІРІСПЕ

Қылмысқа қарсы күрестегі қылмыстық-құқықтық әдістердің тиімділігі азаматтардың сот төрелігі жүйесіне деген сенім индексіне тікелей пропорционалды.

Заңға бағынатын азаматтар қылмыстық ортадан құқықтық қорғалатынына ғана емес, сонымен бірге тергеу және сот төрелігі органдарының қателіктеріне де сенімді болатындай қылмыстық сот төрелігі жүйесі жұмыс істеуі керек.

Белгілі бір көрсеткіштерге жету үшін қылмысқа қарсы күресте шамадан тыс құлшыныс, көбінесе заңдылық пен азаматтардың құқық қорғау жүйесіне деген сенімінің теңгерімсіздігіне әкеледі.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев атап өткендей: «сыбайлас жемқорлық пен басқару кемшіліктерін нақты ажырату қажет. Қылмыстық процестің ауқымына адал, жауапкершілікті өз мойнына алуға қорықпайтын шенеуніктер тартылмауы тиіс».¹

Нәтижесінде біздің еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі мемлекеттік басқару дағдарысына тап болды.

Азаматтардың көбінесе негізді қылмыстық қудалау объектісіне айналуына қандай себептер ықпал етеді, заң қандай талаптар қояды және азаматтарды процеске негізсіз тартуды болдырмау үшін не істеу керек, бұл үшін қандай құқықтық тетіктер іске қосылуы тиіс?

Әдістемелік ұсынымдар аталған сұрақтарды қарастырады және іс жүзінде қолдану мүмкіндігін ескере отырып қайта қаралды. 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңдегі сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша қылмыстық істер мен сот актілерінің материалдарын ғылыми зерттеу, талдау нәтижелеріне негізделген ұсынымдардан тұрады.

Ғылыми әдебиеттің 200-ден астам көздері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық істердің 5 мыңнан астам материалдары зерделенді, жұмыс тобының 5 ведомствоаралық отырысы өткізілді, бірнеше халықаралық ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылды, онда жүргізілген талдау нәтижелері сыналды.

Басқарушылық қателіктің негізгі белгілері мен критерийлері әзірленді, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде қылмыстық процеске тартудың неғұрлым жоғары тәуекелдерімен ұштасатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың құрамдары айқындалды, басқарушылық бұзушылықтар белгілері бар материалдарды тіркеу кезінде қылмыстық қудалау органдарына ұсынымдар берілді.

¹ Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 19.08.2020ж. сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзіне. https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-soveshchanii-po-voprosam-borby-s-korrupciei

1. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАТЕЛІК ТҮСІНІГІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

«Басқарушылық қателік» ұғымы заң термині ретінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен регламенттелмеген және әдістемеде сыбайлас жемқорлық қылмыстарды басқарушылық функциялармен байланысты өзге де бұзушылықтардан аражігін ажырататын құрал ретінде алғаш рет қолданылады.

Басқарушылық қателікті келесі белгілермен сипаттауға болады:

- қабылданған басқарушылық шешімнің нәтижесі;
- лауазымды тұлғаның қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеті (әрекетсіздігі);
- тұлғаның әрекеті (әрекетсіздігі) белгіленген стандарттарды, ережелерді, талаптарды және т.б. сақтамаумен немесе ауытқумен байланысты;
- лауазымды адамның іс-әрекетінде қылмыстық ниеттің болмауы;
- жағымсыз салдардың туындау мүмкіндігі.

Алайда, басқарушылық қателіктің салдары қол жеткізілген қоғамдық игіліктің шегінен аспауы керек.

Басқаша айтқанда, басқарушылық қателікті «мақсат жұмсаған күшті ақтайды» деген тұжырыммен сипаттауға болады.

Басқарушылық қателік құқықтық мәні бойынша, оның белгілері қылмыстық жазамен шектеледі, бірақ әрекетке жатпайды.

Жоғарыда айтылғандай, басқарушылық қателік ұғымы заңнама деңгейінде реттелмеген, ал менеджмент теориясында басқарушылық қателік дегеніміз - бұл жағдайды дұрыс емес қабылдау мен бағалауда немесе оның дұрыс емес бағалауында көрсетілген адал қателікке байланысты басқарушылық шешім қабылдаудағы басшының қателігі. Тиісінше, қате болған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болуы жойылады.

Практикалық жағынан саралаудың күрделілігі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізбестен, бұл әрекеттің қылмыс немесе басқарушылық қателік болып табылғандығын біржақты анықтау мүмкін емес.

Басқарушылық қателікті басқару функцияларын орындайтын тұлға ғана жібереді.

Басқарушылық функциялары: әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды қамтиды (ҚР ҚК 3-бабы).

Заңнама «басқарушылық шешім» ұғымына анықтама бермейді, дегенмен бұл термин көбінесе құқықтық актілерде қолданылады.

Сонымен бірге, өз мәні мен мазмұны бойынша басқарушылық шешім деп келесіні түсіну қажет:

Басқарушылық шешім - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқарушылық функцияларды іске асыру кезінде қабылданған

Басқарушылық қателіктің элементтері өзінің құқықтық табиғаты бойынша қылмыстылығын болдырмайтын жағдайларға жататын аса қажеттілікпен, негізді тәуекел етумен және әрекетті бұйрықты орындауымен шектеседі.

Аса қажеттілік жағдайында (ҚР ҚК 34-бабы) адам қалыптасқан және оған тәуелді емес жағдайда қажетті шешімді қабылдау қажет болған (мәжбүр болған) кезде нақты қауіп-қатер жағдайында болады. Бұл ретте, адам басқа қорғалатын мүдделерге (мысалы, төтенше жағдай немесе зілзала режиміндегі іс-әрекеттер мен қабылданған шешімдер) мәжбүрлі зиян келтірсе, адамның іс-әрекеттері мен шешімдері құқық бұзушылық болып табылады.

Негізді тәуекел ету кезінде (ҚР ҚК 36-бабы), оның аса қажеттіліктен айырмашылығы - адам жүзеге асыру кезінде қолайсыз салдарлардың туындауы, оның ішінде қылмыстық құқықпен қорғалатын мүдделер мен игіліктерге зиян келтіру (мысалы, жаңа техниканы сынау) ықтималдығы бар қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған заңды шешім қабылдайды.

Бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде (ҚР ҚК 38-бабы) өзіне жүктелген міндеттемелерге байланысты адам оны (әскери және басқа да функцияларды) орындауға міндетті, бұйрықты орындамау адамға жауаптылыққа әкеп соғады.


Басқарушылық қателіктің жоғарыда аталған жағдайлардан басты айырмашылығы, біздің ойымызша, адам мәжбүр емес және жалғыз шешім қабылдау міндетімен шектелмейді. Адам өз қалауы бойынша, оның пікірінше, стандартты емес тәсілді қолдану немесе белгіленген ережелер мен талаптардан ауытқу арқылы қол жеткізілетін әлеуметтік пайдалы нәтижеге бағытталған балама шешімдердің бірін қабылдайды.

Қылмыстық қудалау органдары ақпаратты сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне (СДТБТ) тіркегенге дейін:


- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себептердің;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің;
- әрекеттің қылмыстылығын болғызбайтын жағдайлардың болуын (не болмауын) анықтауы қажет.

2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлық – өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу:



Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 1-бабы).



ҚР ҚК-нің 3-бабы 29-тармағына сәйкес мынадай қылмыстар сыбайлас жемқорлыққа жатады:

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізімі

№	ҚР ҚК баптар	Бап атауы
1.	189 (3-б.2-т.)	Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса
2.	190 (3-б.2-т.)	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды

		атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса
3.	218 (3-б.1-т.)	Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса
4.	234 (3-б.1-т.)	Экономикалық контрабанда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса
5.	249 (3-б.2-т.)	Рейдерлік, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса
6.	361	Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану
7.	362 (4-б.3-т.)	Өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану
8.	364	Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
9.	365	Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау
10.	366	Пара алу
11.	367	Пара беру
12.	368	Парақорлыққа делдал болу
13.	369	Қызметтік жалғандық жасау
14.	370	Қызметтегі әрекетсіздік
15.	450	Билікті теріс пайдалану
16.	451 (2-б.2-т.)	Өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған билікті асыра пайдалану
17.	452	Биліктің әрекетсіздігі

1-кесте

Сонымен қатар барлық сыбайлас жемқорлық қылмыстар басқарушылық қателік жіберуі мүмкін критерийлерге жатпайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары басқарушылық қателіктері үшін қылмыстық процеске тартудың неғұрлым жоғары тәуекелдері сыбайлас жемқорлық қылмыстардың мынадай құрамдарымен ұштасқанына назар аударуы қажет:

- 1) иемденіп алу немесе талан-таражға салу (*ҚР ҚК 189-б. 3-б. 2-т.*);
- 2) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (*ҚР ҚК 361-б.*);
- 3) билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (*ҚР ҚК 362-б. 4-б. 3-т.*);
- 4) қызметтегі әрекетсіздік (*ҚР ҚК 370-б.*);
- 5) билікті теріс пайдалану (*ҚР ҚК 450-б.*);
- 6) өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында билікті асыра пайдалану (*ҚР ҚК 451-б. 2-б. 2-т.*);
- 7) биліктің әрекетсіздігі (*ҚР ҚК 452-б.*).

Бұл ретте билікті теріс пайдалану, асыра пайдалану, әрекетсіздік бойынша әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстарды заң шығарушы ҚР ҚК-нің 18-тарауында арнайы нормалар ретінде бөліп көрсеткен.

Осыған байланысты 361, 362, 370-баптар құрамдарының ҚР ҚК-нің 450-452-баптарымен топтық ұқсастығы болған кезде, басқару функцияларын орындайтын әскери қызметшілерге қатысты ҚР ҚК-нің 18-тарауының нормаларын қолдану қажет (ҚР ҚК-нің 13-бабы үшінші бөлігінің арнайы нормасының артықшылығы).

Қылмыстық кодекске қарағанда әкімшілік заңнама ӘҚБтК-нің 34-тарауында көзделген сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар шеңберін кеңейтпейді.

ҚР ӘҚБтК-нің 34-тарауы алты баптан тұрады, олардың үшеуі заңсыз материалдық сыйақы беруге немесе алуға байланысты жауапкершілікті көздейді. Қалған нормалар мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының кәсіпкерлік қызметті заңсыз жүзеге асырғаны және заңсыз кірістер мен сыйақылар алғаны (679-б.), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қолданбағаны (680-б.) және бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдағаны үшін жауапкершілікпен байланысты (681-б.) (2-кестені қараңыз).

Сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар тізімі

№	ҚР ӘҚБтК баптары	Бап атауы
1.	676	Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі
2.	677	Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы
3.	678	Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі
4.	679	Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы
5.	680	Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы
6.	681	Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау

2-кесте


Көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтардың диспозицияларын талдауды негізге ала отырып, оларда қате басқарушылық шешім үшін негізсіз жауапкершілікке тарту тәуекелдерінің жоқ екендігі анықталды. Тиісінше басқарушылық қателіктерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан аражігін ажырату мәселелерін қылмыстық құқық тұрғысынан қарау қажет.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛЫМЫС СУБЪЕКТИСІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН АЙҚЫНДАУ


Басқарушылық қателіктің сыбайлас жемқорлық қылмыстардан аражігін ажыратудағы маңызды мәселелердің бірі оларды жасау субъектісін анықтау болып табылады.

Іс-әрекет сыбайлас жемқорлық қылмыстарға, ал оны жасаған адамдар осы қылмыстардың субъектілеріне, қылмыстық процесті жүргізетін органдарға жататындығы туралы мәселені дұрыс шешу үшін қызметтік өкілеттіктердің ауқымы мен мазмұнын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамның лауазымдық мәртебесін айқындайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде лауазымдық ережелер мен нұсқаулықтарды басшылыққа алу қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс субъектісінің мәртебесін, атап айтқанда: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам, лауазымды адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табыла ма не табылмай ма екенін айқындау кезінде, ҚР ҚК-нің 3-бабы 16, 26, 27, 28-тармақшалары нормаларын негізге алу қажет.




Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға



Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам
- Жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу ҚР мемлекеттік бюджетінің қаражатынан жүргізілетін қызметші
- ҚР заңында белгіленген тәртіппен ҚР Президентігіне, ҚР Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат
- Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам
- Сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және ҚР Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам
- ҚР Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері
- ҚР әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы ҚР заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері
- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері



Өзге адамдар аталған санаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері болып табылмайды.

Тұлғада басқарушылық, ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функциялардың не билік өкілі мәртебесінің болуын анықтау үшін ҚР ҚК-нің 3-бабының 5, 9, 37-тармақшаларының мазмұнын негізге алған жөн.



Сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамның қылмыс жасау кезінде оның мәртебесін, қызметтік өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалануына қатысты мәселелерді де анықтау қажет. Лауазымды адамның қызметтік өкілеттіктерге кіретін әрекеттері деп оның өзінің қызметтік құзыреті шегінде жасауға құқығы бар және (немесе) міндетті әрекеттерді түсіну керек.

Қылмыс жасаған адам туралы жоғарыда көрсетілген деректерді сотқа дейінгі іс жүргізудің процестік құжаттарында және оның әрекеттерін

саралау кезінде сот актілерінде көрсету қажет («Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Жоғарғы Соттың 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 4-тармағы).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары СДТБТ-де материалдарды тіркеу сатысында және сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде:

- қылмыстың субъектісі кім (басқарушылық/басқарушылық емес) екенін;
- басшының алдында тұрған міндеттерді;
- басшының тиісті шешімдер қабылдауға өкілеттігін;
- осы шешімдердің заңдылығын (талқылау, бекіту және қабылдау рәсімдерінің заңнамалық, заңға тәуелді және ішкі актілерге сәйкестігі);
- аса қажеттілік немесе негізді тәуекел ету жағдайларында шешім қабылдау мән-жайларының болуын (не болмауын) жан-жақты және объективті анықтау қажет.

4. ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қылмыстық құқықта қылмыс құрамының ең болмағанда бір міндетті (негізгі) белгілері болмаған жағдайда қылмыс құрамы құрылмайды (3-кестені).

Қылмыс құрамының белгілері

Сипаттаушы	Міндетті (негізгі)	Факультативті (қосымша)	
Қылмыс объектісі	Объектінің қасиеті (объективтік қатынастар)	Қылмыс құралы, жәбірленуші	
Қылмыстың объективтік жағы	Әрекеттер, салдары, себепті байланыс	Орын, уақыт, тәсіл, қару, құрал, жағдай	ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігі арнайы белгілеген жағдайда міндетті болады
Қылмыс субъектісі	Кінә (қасақана және абайсыздық нысанында)	Ниет, мақсат, ерекше эмоционалды күй	
Қылмыстың субъективтік жағы	Есі дұрыстық, жасы	Субъектінің арнайы белгілері	

3-кесте

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігі арнайы белгілеген жағдайда қылмыс құрамының факультативтік (міндетті емес) белгілері міндетті болады.


Адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады (ҚР ҚК 20-бабы).



Объективті кінә тағуға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Осылайша абайсызда жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Басқарушылық қателіктің сыбайлас жемқорлық қылмыстан аражігін ажыратудың негізгі мәселесі схемалық түрде мынадай (1-схема):



1-схема

Көрсетілген схемадан қылмыстық әрекеттің басқарушылық қателіктен айырмашылығы пайдакүнемдік ниеттің болуы немесе болмауы және қылмыс құрамының субъективті жағының міндетті емес белгісі болып табылатын заңсыз мақсат екенін көруге болады.

Пайдакүнемдік деп құқыққа қарсы және өтеусіз бөтен мүлікті өз меншігіне, не оған құқықты өз пайдасына, не басқа адамдардың пайдасына аударуға ұмтылу түсініледі.

Қылмыстық заңда пайдакүнемдік мүліктік сипаттағы материалдық немесе басқа да пайда алуға немесе материалдық шығындардан құтылу ниетімен сипатталады.

Осылайша басқарушылық қателіктен сыбайлас жемқорлық қылмысының **айырықша белгісі** қылмыс құрамының субъективті жағының факультативтік (қосымша) белгілері болып табылады, яғни:

- МАҚСАТ;
- ПАЙДАКҮНЕМДІК НИЕТ.

Тоқтатылған қылмыстық істер бойынша адамның іс-әрекетінде әкімшілік немесе тәртіптік бұзушылық белгілері болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін материалдарды уәкілетті органдарға жіберуі қажет

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР ҚҰРАМДАРЫ МЕН БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАТЕЛІКТІҢ АРАЖІГІН АЖЫРАТУ

Басқарушылық қателікті қылмыстан қалай ажыратуға болады?

Барлық сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ажыратудың бірыңғай әдісі жоқ. Ол үшін сыбайлас жемқорлық қылмыстардың кейбір құрамдары бойынша тергеп-тексеру жүргізу немесе жедел-ізвестіру қызметі нәтижесінде даусыз дәлелдер алу қажет.

Сонымен бірге, қылмыстық құқықтың іргелі негіздерін іс жүзінде қолдана отырып, басқарушылық қателіктері үшін қылмыстық процеске тартылатын адамдардың санын азайтуға болады.

Қылмыс белгілерін көрсететін деректерді дұрыс қолдану және жеткілікті болуын анықтау үшін (ҚР ҚПК-нің 180-бабы) сыбайлас жемқорлық қылмыстың әрбір құрамын қылмыс құрамының міндетті және қосымша белгілерінің бар-жоғын қарастырайық.


Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК-нің 189-б. 3-б.)

Кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған.

Осы қылмыстың құрамы белгілерінің болуын немесе болмауын анықтау үшін ҚР ҚК-нің 3-бабының 17-тармағына сәйкес жымқыру ұғымын қарастырыңыз:

- жымқыру – бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру.

Иелену – егер кінәлі адам әлі жұмсамаса немесе мүлікті иеліктен өзге де түрде шығармаса, кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта құқыққа қарсы қайтарымсыз айналдырудан тұратын ұрлық нысаны. Кінәлі адам ұрлаған мүлікті жұмсаса не өзге де түрде иеліктен шығарса, онда оның әрекеті талан-таражға салу ретінде саралауға жатады («Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы).



Объективті жағы құқыққа қайшы (заңсыз), кінәлі адамның не зиян келтірген басқа адамдардың пайдасына бөтен мүлікті өтеусіз алып қоюмен немесе оның айналымымен сипатталады.

Қайтарымсыз алып қою деп мөлшерлес төлемнің (не тауардың, көрсетілетін қызметтің) орнына бермей-ақ, мүлікке меншік құқығының (пайдалану, билік ету, иелену құқығының) көшуін түсіну қажет.

Басқарушылық қателікте бұл белгі жоқ, өйткені сеніп тапсырылған мүлік иеліктен шығарылмайды немесе ақша қаражаты пайдакүнемдік мақсатта жұмсалмайды. Тиісінше, мүлік меншік иесінің иелігінде, пайдалануында және иелік етуінде қалады.

Іс жүзінде әлеуметтік пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражатын пайдалану туралы қолданыстағы заңнаманы бұзу көбінесе өз мүдделері үшін жымқыру болып саналады.

МЫСАЛ: мемлекеттік мекеме директоры бұл мекемеде іс жүзінде жұмыс істемеген досы азамат Б.-ға жалақы төледі және ақшаны өзі алған. Нәтижесінде сот директорды ақтады, өйткені Б.-ға заңсыз төленген барлық ақша мемлекеттік мекеменің қажеттіліктері үшін пайдаланылды, ол туралы директор сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейін анықталды. Бұл жағдайда директордың әрекеттерінде бюджет қаражатын өз пайдасына өтеусіз айналдыруға бағытталған пайдакүнемдік мақсат болған жоқ. Шын мәнінде мемлекеттік қаражат кәсіпорынның мүддесі үшін пайдаланылды.

Осылайша, кез-келген мүліктік бұзушылық, оның салдары жалпы мағынада көрсетілген, егер оның салдары қайтарусыз алумен

Субъективті жағы - қылмыс құрамының қосымша белгісі болып табылатын «пайдакүнемдік мақсат» міндетті болып табылады.

Осылайша, жымқыру туралы істер бойынша пайдакүнемдік мақсаттың болмауы адамның кінәсін жоққа шығарады.

Осы белгілердің кем дегенде біреуінің болмауы жымқыру құрамын қалыптастырмайды.

Осыған байланысты, келіп түскен хабарламалар мен өтініштерді, тексеру материалдарын, актілерді, уәкілетті органдардың қорытындыларын, қызметкерлердің жымқыру фактілері туралы рапорттарын қарау кезінде қылмыстық қудалау органы СДТБТ-де тіркеу туралы мәселені шешу кезінде қайтарымсыз белгісінің – яғни кінәлі адамның не басқа адамдардың пайдасына мүлікті, мүлікке құқықты иелену түріндегі салдардың болуына не болмауына назар аудару қажет.

Сыбайлас жемқорлықтық жымқыру нысанасы тиісті мемлекеттік заңды тұлғалардың (ММ, Квазисектор) иелігіндегі мемлекеттің меншігі болып табылады.

Осыған байланысты, жымқыру фактілері туралы арыздар мен өтініштерді қарау кезінде қылмыстық қудалау органы істің баяндалған мән-жайларында келесі мәліметтердің болуына назар аударуы қажет:

- мүлік мемлекет меншігінде қалды ма, жоқ па, мүлікке залал келтірілді ме (бүліну, жойылу)?
- ақша қайда жұмсалды – олар мемлекет меншігінде қалды ма?

Аудит органдары Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (2020 жылғы 30 шілдедегі №6 нормативтік қаулы) және Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (2018 жылғы 19 наурыздағы №392 бұйрық) сәйкес үстеме тексерулерді жүргізуге құқығы бар.

Осыған байланысты, мемлекеттік органдардың тексеру материалдарын, бюджет қаражатын жымқыру фактілері бойынша аудитті, ревизияларды қарау кезінде қылмыстық қудалау органы аудиторлық тексеру материалдарында (актілерінде) қаржы қаражатының қозғалысы туралы есептің бар-жоғын және олардың түпкі бенефициары (алушысы) туралы мәліметтерді, мердігерлермен қосымша келісімдердің болуы не жұмыстардың ЖСҚ-дан ауытқуы туралы ақпаратты анықтау қажет.


МЫСАЛ: 2019 жылы ҚР ҚК 189-бабы үшінші бөлігі 2-тармағы бойынша бір облыстың ауданы ауылдық округі әкімінің аппараты лауазымды тұлғаларына қатысты орындалған жұмыс актілеріне қол қою арқылы сәндік дуалдар құрылысына бөлінген бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Тергеу барысында мердігердің анықталған бұзушылықтар сомасына техерекшелікте көзделмеген өзге де жұмыстарды орындағаны анықталды. Нәтижесінде қылмыстық іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды, ал лауазымды тұлғалардың әрекеттерінде қаржылық тәртіпті бұзу белгілері ғана байқалады.

Жымқыру құрамының міндетті белгісі болып табылатын өтемпаздық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған жағдайда, қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК-нің 181-бабының бесінші бөлігіне сәйкес,

уәкілетті органнан аудиттің бастапқы актісін СДТБТ-де тіркеместен, осы бөлікте тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.


Лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-б.)

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру.



Қылмыстың объективті жағын анықтаған кезде субъектінің лауазымына жалпы сілтемелер болмауы керек, бірақ ол қандай нақты құқықтар мен міндеттерді қылмыстық жолмен пайдаланғанын анықтауы

керек. Қызмет мүдделеріне қайшы жасалған әрекет – бұл қызметтік қажеттіліктен туындамайтын әрекет.



ҚР АҚ-нің 115-бабына сәйкес, пайда деп мүліктік және мүліктік емес игіліктерді алу түсініледі.

Қылмыс субъектісіне жататын адамның өзі үшін ғана емес, сонымен бірге басқа да адамдар мен ұйымдар үшін ақысы төленуге тиіс әртүрлі: құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру, санаторлық немесе туристік жолдамаларды, жол жүру билеттерін пайдалану сияқты көрсетілетін қызметтерді ақысыз қабылдауын не жеңілдіктерді заңсыз пайдалануын, жеңілдетілген шартпен қарыздардың немесе кредиттердің берілуін және т.б. мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алу деп түсіну қажет («Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 ЖС НҚ 5-т.).

Басқа мақсат – бұл басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру. Бұл жағдайда қылмыстың субъективті жағы ретіндегі мақсат объективті жақтың басқа міндетті белгісіне айтарлықтай зиян түріндегі салдар ретінде сапалы түрде өтеді.

ҚР ҚК-нің 3-бабының 14-тармағындағы зиян келтіру тізбесінде көзделген мүліктік немесе өзге де зиян келтіруді білдіреді.

МЫСАЛ: 2018 жылы аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысына қатысты ҚР ҚК 361-бабы бойынша мектеп құрылысы кезінде лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Тексеру барысында құрылыс кезінде орындалған жұмыстар актісі жоқ екені анықталды. Оның орнына жұмыстар хаттамалар негізінде қабылданды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шартқа сәйкес барлық жұмыс түрлері орындалғаны анықталды. Қылмыстық қудалау органдары лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және пайда не артықшылық алу ниетін анықтаған жоқ. Басшы бюджет және қаржы заңнамасының рәсімдік нормаларын ғана сақтамаған. Қылмыстық іс қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Теріс пайдалану кезінде қылмыс құрамының болуын немесе болмауын анықтаудың қиындығы туындаған салдар мен адамның ниеті

Лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланудың пайдакүнемдік ниеті тек материалдық, мүліктік сипатта ғана емес, сондай-ақ басқа да жеке мүдделілік, қызмет бойынша жоғарылату, басшылыққа ұнамды болуға ұмтылу және т.б. түрінде пайда мен артықшылықтар алуда көрініс табуы

мүмкін (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 21-тармағы).

Көрсетілген мән-жайларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде не жедел-іздігіздіру қызметінің материалдары бойынша ғана анықтауға болады.

Көбінесе жымқыру фактілері теріс пайдалану үшін және керісінше қайта сараланады.

Сонымен бірге ҚР ҚК-нің 189 және 361-баптарының диспозициялары көрсетілген әрекеттердің арасында нақты айырмашылықты белгілейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары жымқыру кезінде сеніп тапсырылған мүлікке қылмыстық билік ету міндетті шарт болып табылатынына, ал келтірілген залал тек материалдық жағынан өлшенетініне назар аударуы қажет.

Лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланған кезде мүлік кінәліге сеніп тапсырылмаған, ал залал ҚР ҚК-нің 3-бабының 14-тармағында көрсетілген материалдық жағынан да, өзге де салдар түрінде де бағаланады.

Жымқырған кезде кінәлі тек материалдық жағынан байытылады. Теріс пайдаланған кезде кінәлі материалдық жағынан да, мүліктік емес игіліктер есебінен де байытылады.

Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-бабы 4-б. 3-т.)

Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасау.

Қылмыстың бұл құрамының ерекшелігі оның объективті жағында болады.

Билік пен лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін жауаптылық, егер адам өзіне жүктелген өкілеттіктерден тыс әрекет ететінін білсе, елеулі салдарға әкеп соқтырған, оның өкілеттіктерінен тыс айқын көрінетін белсенді әрекеттерді жасаған жағдайда туындайды.

Лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, мысалы, адамның қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаған іс-әрекеттерінде көрінуі мүмкін, яғни:

- басқа лауазымды тұлғаның (жоғары тұрған немесе мәртебесі бойынша тең) өкілеттіктеріне жатады;
- ешкім және ешқандай жағдайда оларды жасауға құқылы емес;

- заңда немесе заңға тәуелді актіде көрсетілген ерекше мән-жайлар болған кезде ғана жасалуы мүмкін (мысалы, егер бұл қажет болмаса, қару, арнайы құралдар қолдану және т.б.);

- лауазымды адам жеке-дара жасайды, алайда оны тек алқалы түрде не заңда белгіленген тәртіпке сәйкес, басқа лауазымды адаммен немесе органмен келісу бойынша және т.б. жүргізуге болады.

Ниеті лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға ұқсас, яғни өзіне және басқа адамдарға пайда мен артықшылықтар алу немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру.

МЫСАЛ: 2021 жылғы тамызда Нұр-сұлтан қаласы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының үкімі бойынша АШМ комитетінің басшысы азамат А. кінәсіз деп танылды және оның әрекеттерінде мынадай мән-жайлар кезінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты ақталды:

2017 жылғы мамыр айында азамат А. ЖК үшін пайда мен артықшылық алу мақсатында «О» ЖК үшін РМК арнайы техниканы беруге мәжбүрлеуін, оның құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатынын біле отырып, РМК филиалының басшысы азамат Н.-ға облыстағы өңдеу орындарына арнайы техниканың төрт бірлігін өтеусіз негізде жіберу туралы заңсыз нұсқау берді. «Фитосанитария» ШЖҚ РМК 500 мың теңгеден астам айтарлықтай зиян келтірді.

Көрсетілген шешімді азамат А. шегіртке зиянкестерімен күресу қажеттілігіне байланысты қабылданған және теріс салдарларды болдырмау мақсатында оларға ҚР басқа өңірлерінен өңдеушілердің арнайы техникасы тартылды. Сот азамат А. шегірткелердің шабуылына байланысты зиянкестермен күрес жөніндегі штабтың басшысы ретінде ол өте қажет жағдайда әрекет етті деген қорытындыға келді.

Қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 370-б.)

Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу.

Қызметтегі әрекетсіздік үшін жауаптылық өз құзыреті шегінде елеулі зардаптарға әкеп соқтырған әрекеттердің болмағаны үшін туындайды. Бұл билікті теріс пайдаланудың бір түрі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары заңда бекітілген өкілеттіктерді орындамауды көбінесе әрекетсіздік деп тәжірибеде дұрыс емес бағалайтынына назар аударған жөн.

МЫСАЛ: 2019 жылы ҚР ҚК-нің 370-бабы 4-бөлігі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің бір облыс бойынша Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау комитеті департаментінің лауазымды тұлғаларға қатысты қызметі бойынша әрекетсіздік фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Департамент басшысы әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша шешім қабылдады. Тексерумен еңбек қызметін жалғастыратын тұлғаларға бала күтімі бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу фактілері анықталды. Сотқа дейінгі тергеу барысында РММ заңнамасы бойынша табысынан айырылу және еңбек қызметін жалғастыру фактісіне қатысты ақпаратты сұратуға құқығы жоқ екені анықталды. Мерзімінен бұрын жұмысқа шығу фактісі анықталған жағдайда тоқтата тұру немесе тоқтату үшін заңнамалық тыйым салу көзделмеген. Нәтижесінде қылмыстық іс құрамның болмауына байланысты тоқтатылды.

Әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстар

Билікті теріс пайдалану (ҚР ҚК 450-бабы)

Бастықтың немесе лауазымды адамның билікті немесе қызмет бабын өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы теріс пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса тұлға тиісті қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Билікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 451-бабы)

Билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан әрекеттер жасау.

Биліктің әрекетсіздігі (ҚР ҚК 452-бабы)

Биліктің әрекетсіздігі, яғни бастықтың немесе лауазымды адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу.

Жоғарыда көрсетілген әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстардан басқарушылық қателіктердің аражігін ажырату кезінде бұл қылмыстар тек субъектісі бойынша айырықшаланытына назар аудару керек.

2005 жылғы 28 қазандағы №6 «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ЖС НҚ сәйкес тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық - өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар ҚР ҚК-нің 450, 451, 452 -баптарында

көзделген әскери лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері болып табылады.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері болып табылатын лауазымды адамдарға барлық әскери бастықтар, сондай-ақ бастықтар болмай, қолбасшылықтың ауызша, жазбаша не техникалық байланыс арналары арқылы берілген тұрақты, уақытша немесе арнайы тапсырмасы бойынша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерін орындауға байланысты лауазымдарды атқаратын өзге де әскери қызметшілер жатады.

Әскери лауазымды адамдардың тізбелері ішкі қызмет, гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғыларында, Тәртіптік жарғыда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде болады.

Лауазымды адамның өз өкілеттіктерін бұзу фактісін анықтау үшін қылмыстық қудалау органы осы лауазымды адамдардың әскери қызмет өткеру жағдайындағы құқықтары мен міндеттерін реттейтін нормативтік актілерді зерттеуі қажет.

ҚР ҚК-нің 450-бабында көрсетілген билікті немесе қызмет бабын теріс пайдалану деп бастық немесе әскери лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып және әскери қызмет мүдделеріне қайшы келетін құқыққа қайшы іс-әрекетті түсіну керек.

ҚР ҚК-нің 451-бабында көрсетілген билікті немесе қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану деп бастықтың немесе лауазымды адамның өзіне заңдармен, жарғылармен және бұйрықтармен берілген құқықтардан немесе қызметтік өкілеттіктерден анық асып түсетін әрекеттер түсініледі.

Биліктің әрекетсіздігі – бастықтың немесе әскери лауазымды адамның қызмет міндеттерін қасақана орындамауы.

Лауазымды адамның қызметтік жағдайына және жүктелген міндеттерді орындауына байланысты емес жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетті (әрекетсіздікті) әскери лауазымды қылмыстық құқық бұзушылық деп тани алмайды.

Егер лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауапкершілік арнайы нормалармен көзделсе (мысалы, пара алу, қызмет бабын пайдалана отырып жымқыру және т.б.), онда әскери қызметші-лауазымды адамның мұндай әрекеттерді жасауы қылмыстық заңның тиісті бабы бойынша ҚР ҚК-нің 450, 451 және 452-баптарының жиынтығынсыз сараланады.

ҚР ҚК-нің 450, 451, 452-баптарында көрсетілген елеулі зиян мен ауыр зардаптардың анықтамасы мен ұғымы ҚР ҚК-нің 3-бабының 4 және 14-тармақтарында берілген.

Әскери лауазымды адамдар ҚР ҚК-нің 450, 451, 452-баптарының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кезде денсаулыққа жеңіл немесе ауырлығы орташа зиян келтірілген кезде жеке адамға қарсы қылмыстар туралы баптар бойынша қосымша саралау талап етілмейді.

6. ХАБАРЛАМАЛАР МЕН ӨТІНІШТЕРДІ СДТБТ-ға ТІРКЕУ

ҚР ҚК-нің 189, 361, 362, 370, 450-452-баптары бойынша лауазымды адамдарға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы хабарламалар мен өтініштерді тіркеу ҚР Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ СДТБТ сәйкес жүзеге асырылады.

Қылмыстық қудалау органдары ҚР ҚПК-нің 179-184-баптарына сәйкес, жеке немесе заңды тұлғаның өтініштерін, мемлекеттік органның лауазымды адамының қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламасын СДТБТ-де қылмыстық қудалау органы лауазымды адамының баянаты арқылы (ЖІК шеңберінде алынған анонимдік өтініштер мен ақпаратты қоспағанда) тіркеу фактілерін алып тастау қажет.

Қылмыстық қудалау органы лауазымды адамының баянатын СДТБТ-де тіркеуді ҚР ҚПК-нің 184-бабының талаптарына, яғни анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың куәгері болғанда не қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен салдарларын тікелей өзі жасағаннан кейін анықтаса не өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер алуын қатаң сәйкестікте жүзеге асыру қажет.

Тексеру, ревизия, аудит актілері және басқа да материалдар негізінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты растайтын құжаттар мен материалдарды қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде ғана ҚР ҚПК-нің 179-180-баптарының талаптарын сақтай отырып, СДТБТ-ға тіркеу керек.

Тексерістерді, аудитті және бақылаушы органдар қызметінің басқа да нәтижелерін тексеру актілерін СДТБТ-де тіркеу фактілеріне келесі жағдайларда:

- жоғары тұрған органның шешімі және соттың шешімі шығарылғанға дейін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының актісіне сотқа шағым жасау кезінде шағым жасау;

- шарттық міндеттемелердің мерзімдері өткеннен кейін бұзушылықтар анықталған және жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды жеткізу туралы қосымша келісімдердің болмаған не нұсқама талаптарын орындамаған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаған, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды заңда белгіленген тәртіппен жойған кезде жол бермеу керек.

Қылмыстық қудалау органдары аудит материалдары бойынша олардың СДТБТ-де тіркелуінің негізділігі және тергеу нәтижелерінің тиімділігі тұрғысынан прокуратура және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен тоқсан сайын салыстырып тексеру жүргізуі қажет.

Прокуратура органдары ҚР ҚПК-нің 193-бабына және «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 5, 23-баптарына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде:

- мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары анықтаған бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеудің негізділігі және дәйектілігі тұрғысынан СДТБТ ақпараттық жүйесіне жүйелі негізде мониторинг жүргізу;

- анықталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау тәртібін бұзу фактілері бойынша қылмыстық қудалау органынан ақпараттық-есептік құжатқа түзетулер енгізуді және оны істің нақты мән-жайларына сәйкес келтіруді талап ете отырып, прокурорлық қадағалау шараларын қабылдау;

- СДТБТ-де тіркелген мемлекеттік аудит материалдары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының тоқсан сайын салыстырып тексеруді жүргізуін есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ету қажет.

Аудит материалдары сотқа дейінгі тергеу органдарына:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талаптары (қаулысы) (ҚР ҚПК-нің 260-бабының екінші бөлігі);

2) уәкілетті орган мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша аудиторлық дәлелдемелердің жиынтығымен расталатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтарды анықтаған («Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР Заңының 5-бабы);

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының сұрау салуы келіп түскен (ҚР ҚК-нің 34-бабының бесінші бөлігі) жағдайда жіберілетініне назар аудару керек.

Бұл ретте ҚР ҚПК-нің 181-бабының бесінші бөлігі тәртібінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының бастамасы бойынша жүргізілген аудит материалдары:

- аудит объектісінің жоғары тұрған органның шешімі мен сотқа шағым жасау кезінде сот шешімі шығарылғанға дейін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актісіне шағым жасауы;

- шарттық міндеттемелердің мерзімдері өткеннен кейін бұзушылықтар анықталған және жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды жеткізу туралы қосымша келісімдердің болмаған не нұсқама талаптарын орындамаған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарды заңда белгіленген тәртіппен жойған жағдайларда берілуге жатпайды.

Аудиторлық дәлелдемелердің жиынтығымен расталатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде аудит материалдары ҚР ҚПК-нің 181-бабының үшінші бөлігінің тәртібімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына беріледі.

Аудит материалдарын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына берген кезде бір мезгілде прокурор хабардар етілуге тиіс.

Аудит материалдарында:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы уәкілетті органның уәкілетті адамы қол қойған нұсқамасының көшірмесі;

2) бұзушылық фактісіне қатысты аудиторлық қорытындыдан үзінді;

3) аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын, онда тіркелген бұзушылық фактілерін растайтын, қоса тіркелген құжаттары бар аудиторлық есептен үзінді не оның көшірмесі;

4) мемлекеттік аудит объектісі қарсылықтарының, түсініктемелерінің және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы уәкілетті орган жауабының (олар болған кезде) көшірмелері, сондай-ақ қылмыстық бұзушылық белгілерін көрсететін аудиторлық дәлелдемелер болуы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары сұратқан аудит материалдары (сұрау салулары) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы уәкілетті орган ҚР ҚПК-нің 34-бабының талаптарына сәйкес, жазбаша сұрау салу келіп түскен және ол құжат айналымының ақпараттық жүйелерінде тіркелген кезден бастап үш күн мерзімде жіберіледі.

Қабылданған процестік шешім туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тиісті қаулысының көшірмесі қоса беріле отырып, 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды хабардар етеді.

Осылайша қылмыстық қудалау органдары сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы хабарламалар мен өтініштерді тіркеу кезінде:

- ҚР ҚПК талаптарын және Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын сақтау;

- Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның прокуратура және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен аудит материалдарын беру, маман бөлу және ақпарат алмасу бөлігінде өзара іс-қимыл регламентін және Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларын басшылыққа алу;

- қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы», «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын басшылыққа алу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Басқарушылық қателікті сипаттайтын негізгі белгілерге келесі факторлар жатады:

- қабылданған басқарушылық шешімнің нәтижесі болып табылады;
- қоғамдық пайдалы мақсатқа жетуге бағытталған;
- белгіленген стандарттарды, ережелерді, талаптарды және т.б. сақтамаумен немесе ауытқумен байланысты;
- лауазымды адамның іс-әрекетінде қылмыстық ниеттің болмауы;
- жағымсыз салдардың туындау мүмкіндігі.

Басқарушылық қателікте пайдакүнемдік себеп пен заңсыз мақсат жоқ.

Тиісінше, **мақсат пен ниет** ретінде қылмыс құрамының субъективті жағының осындай факультативтік (қосымша) белгілері сыбайлас жемқорлық қылмысының басқарушылық қателіктен аражігін ажыратудың негізгі айырым белгісі болып табылады.

Көбінесе, осы белгілерді анықтау үшін тергеу жүргізу немесе ЖІҚ нәтижесінде нақты дәлелдер алу қажет.

СДТБТ-ға материалдарды тіркеу сатысында және сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары:

- қылмыстың субъектісі кім (басшы/басшы емес);
- басшының алдында тұрған міндеттер;
- басшының тиісті шешімдер қабылдауға өкілеттігі;
- осы шешімдердің заңдылығын (талқылау, бекіту және қабылдау рәсімдерінің заңнамалық, заңға тәуелді және ішкі актілерге сәйкестігі) жан-жақты және объективті анықтауы қажет.

Көрсетілген мәселелерді анықтау үшін тергеу органдары қызметтік өкілеттіктердің ауқымы мен мазмұнын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамның лауазымдық мәртебесін айқындайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде лауазымдық ережелер мен нұсқаулықтарды басшылыққа алуы қажет.

Тұтастай алғанда, басқарушыларды қылмыстық процеске негізсіз тарту фактілерін барынша азайту үшін тергеу органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың негізгі шарты болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін деректердің жеткіліктілігі мәселелеріне басты назар аударуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 19 тамыздағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-soveshchanii-po-voprosam-borby-s-korrupciei.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ ҚРЗ.

6. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.

7. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы.

8. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы.

9. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы.

10. «Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығы.

11. «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысы.

12. «Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 6-НҚ және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 30 наурыздағы № 51, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 76, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 20 бірлескен нормативтік қаулысы және бұйрығы.

13. «Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құқық қорғау органдарымен аудит материалдарын беру, маманды бөлу және ақпарат алмасу бөлігінде өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 181, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 77, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 126, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 719 бірлескен бұйрығы.

*Ә.С. Шәкәрімов, Б.Ж. Сағымбеков, Қ.Ж. Баєтов, Т.М. Мұқатаев,
Т.Ғ. Маханов, Н.С. Әлімқұлов.*

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқарушылық қателіктердің аражігін ажырату бойынша әдістемелік ұсынымдар.
2-басылым (қайта өңделген және толықтырылған)**

*Басуға 14.01.2022ж. қол қойылды, А4 форматы
Таралымы 50 дана.*

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының типографиясында басылып шығарылған.
Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Республика көшесі, 16.

